

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетінің  
2011 жылғы «27» қыркүйектегі  
№ 670 бұйрығымен  
**бекітілген**

**«Ақпараттық-талдау орталығы»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

**Астана қаласы, 2011 жыл**

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, құру тәртібі мен оның органдарының құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерін айқындайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Информационно-аналитический центр».

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ;

орыс тілінде: АО «Информационно-аналитический центр».

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Алматы көшесі, 7 үй.

*1.4.-тармақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 18.02.2021 жылғы бұйрығымен енгізілген өзгерістер ескерілген редакцияда берілген*

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам «Ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы --- №-- қаулысының негізінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Қоғамның жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен акционерлік қоғам түрінде құрылды.

2.2. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады.

*1.4.-тармақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 03.10.2013 жылғы № 408 бұйрығымен енгізілген өзгерістер ескерілген редакцияда берілген*

Тиісті тапсыру-қабылдау актісіне сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетін 100% иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (Жалғыз акционер) болып табылады.

2.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.4. Қоғамның өз атауы бар мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

2.5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғы және Қоғамның корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте оның орналасқан жерінен тыс жерлерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## 3. Қоғамның құрылтай құжаттары

3.1. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

3.2. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның Жарғысымен танысуға құқылы.

#### **4. Қоғам қызметінің мақсаты мен мәні**

4.1. Қоғам қызметінің мақсаты болып мемлекеттік білім беру саясатын сапалы талдаудық сүйемелдеуді қамтамасыз ету және әлемдік озат тәжірибені зерделеу және оны отандық білім беруге енгізу тетіктерін құру табылады.

*4.2.-тармақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 11.07.2014 жылғы № 276, 18.02.2015 жылғы № 70, 08.07.2021 жылғы № 324 бұйрықтармен енгізілген өзгерістер ескерілген редакцияда берілген*

4.2. Қоғам қызметінің мәні:

- 1) білім беруді дамыту мәселелері бойынша зерттеулер мен жобаларды жүргізу;
  - 2) білім беру жүйесін дамытудағы шетелдік тәжірибенің үрдістерін зерттеу және талдап қорыту;
  - 3) білім беру саясатын жетілдіру жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар дайындау;
  - 4) білім беру ұйымдардың жұмыс қорытындыларына социологиялық зерттеулер жүргізу;
  - 5) білім беру жүйесін дамытудағы басымды бағыттарды моделдеу және бағдарламалау;
  - 6) халықаралық ұйымдардың, алыс және жақын шет елдерінің институттарымен білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту;
  - 7) білім беруді дамыту мәселелері бойынша республикалық және халықаралық семинар, конференция, ғылыми-тәжірибелік семинарларды өткізуге қатысу болып табылады;
  - 8) білім және ғылым жұмыскерлеріне оқыту курстарын және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу;
  - 9) білім беруді дамытуды ақпараттық-медиалық сүйемелдеу;
  - 10) білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуының мониторингіне қатысу;
  - 11) бизнес-процестерді функционалдық талдау жасау және ақпараттық технологиялар негізінде шешімдер әзірлеу;
  - 12) халықаралық білім беру статистикасы талаптарына сәйкес (ЮНЕСКО, ЭЫДҰ, АҚШ және т.б.) әкімшілік білім беру есептері көрсеткіштері деректер қорын электронды өңдеу, жинақтау, сақтау және қолдану;
  - 13) білім беру жүйесінің дамуын мониторингілеу және Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін дамуы мен оның жағдайы туралы аналитикалық баяндамаларды және жинақтарды дайындау мен шығару;
  - 14) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалайтын халықаралық және қазақстандық салыстырмалы зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу;
  - 15) Қазақстан Республикасы резиденттерінің білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған – домендік атауларды тіркеу EDU.KZ.
- 4.3. Заңнамамен белгіленген тәртіпте лицензияның немесе рұқсаттың өзге де түрінің болуы талап етілетін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрлерін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

#### **5. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері**

5.1. Қоғамның жалғыз акционері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Қоғамның Жарғысымен белгілеген тәртіпте Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) оның қызметі туралы Қоғамға жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғамның таратылуынан кейін қалған мүлікке;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.

5.2. Жалғыз акционер заңнамамен және осы Жарғымен көзделген басқа да құқықтарға ие бола алады.

5.3. Қоғамның жалғыз акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) он күн ішінде Қоғамның тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыны Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабардар етуге;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **6. Қоғамның және жалғыз акционердің жауапкершілігі**

6.1. Қоғам өз мүлкінің шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауаптылықта болады.

6.2. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оған тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

6.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## **7. Қоғамның акциялары мен басқа бағалы қағаздары**

7.1. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын және басқа бағалы қағаздарды, оның ішінде туындыларды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен анықталады.

7.2. Қоғам жай акцияларды ғана шығарады.

7.3. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

7.4. Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды

орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

7.5. Қоғамның орналастырылатын акцияларының төлеміне ақша, мүлктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік нысандарына құқықтар) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда өзге де мүліктер енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге мүлікпен төлем жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.

7.6. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмауға тиіс.

7.7. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша өкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен анықталады.

## **8. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер**

8.1. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен белгіленген тәртіпте, оның ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді.

8.2. Жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

8.3. Мына жағдайларда:

1) Қоғамның өз капиталының теріс мөлшері немесе егер өз капиталының көлемі оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді.

## **9. Қоғамның органдары**

9.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Қоғамның Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Президент;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

## **10. Қоғамның Жалғыз акционері**

10.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер жеке қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

10.2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне шешімдері белгіленген тәртіпте мемлекеттік мүлкі бойынша өкілетті органның келісімі бойынша қабылданатын мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
- 3) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту және есепті қаржылық жыл үшін таза табысты бөлу;
- 4) Қоғамның қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, оның өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 6) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 7) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

10.3. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 2) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 4) Қоғам Президентін тағайындау және оның өкілеттік мерзімін белгілеу, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату;
- 5) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;
- 7) Заңда көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуі туралы шешім қабылдау;
- 8) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 9) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (әдістемені бекіту);
- 10) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 11) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

10.4. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

10.5. Егер Қоғам Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғам органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10.6. Жалғыз акционер Қоғам тапқан таза табысты бөлу туралы шешімінің уақтылы қабылдануын және Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде мемлекетке тиесілі Қоғамның акцияларына дивидендтер аударуын қамтамасыз етуге міндетті.

## 11. Қоғамның директорлар кеңесі

11.1. Заңмен және Қоғамның жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шектерінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, олардың орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;
- 6) Қоғамның Президентін тағайындау және өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Қоғамның Президентінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оған еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 8) ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 9) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;
- 10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;
- 11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Президент қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау мен олар туралы ережелерді бекіту;
- 13) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;
- 14) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- 16) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
- 18) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 19) даму жоспарын бекіту (бес жылға);
- 20) Қоғамның әкімшілік шығыстарына, оның ішінде еңбекақы және сыйлықақы төлеу тәртібіне мониторинг жүргізу және бақылауды ұйымдастыру;
- 21) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту;

22) Қоғамның қаржы–шаруашылық қызметінің орта мерзімдік жоспарлары мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде олардың орындалуы туралы есепті бекіту;

23) Заңмен және Қоғамның Жарғысымен көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

11.3. Тізілімі Осы Жарғының 11.2-тармағында белгіленген мәселелер шешім қабылдау үшін Президентке берілмейді.

11.4. Қоғамның жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ

11.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кем дегенде жартысын құрайды.

Дауыстардың саны тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.6. Қоғам Президенті Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

11.7. Директорлар кеңесін сайлау мен оның қызметінің тәртібі Заңмен белгіленеді.

## **12. Қоғамның атқарушы органы**

12.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган – Президент жүзеге асырады.

Президент Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Президент Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

12.2. Президент атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

12.3. Президент:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынасқа Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) штат кестесін бекітеді;

6) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;



7) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Президент орынбасарына жүктейді;

8) Президент және орынбасарларының арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

9) сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысын ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін тікелей жауап береді;

10) Қоғамның орта мерзімді кезеңге арналған қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын әзірлеуді және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде олардың орындалуы туралы есеп дайындауды қамтамасыз етеді.

11) Қоғам жарғысы және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **13. Қоғамның ішкі аудит қызметі**

13.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

13.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайды.

13.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, Қоғамның басшылығына және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін әрі тәуелсіз қол жеткізе алады.

13.4. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады.

13.5. Ішкі аудит қызметі Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне, оның атқарушы органының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органы болып табылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

13.6. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытынды дайындайды

13.7. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

### **14. Қоғамның лауазымды тұлғалары**

14.1. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғамның Президенті Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

14.2. Лауазымды тұлғалар заңнамамен көзделген жағдайларда және тәртіпте Қоғамның және Жалғыз акционердің алдында жауап береді.

Қоғамның басқару функцияларын атқаратын лауазымды тұлғалары мемлекеттік ызметті орындауға уәкілет берілген т3047ұлғаларға теңестіріледі және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар үшін жауапты болады.

### **15. Қоғамның қаржы есептілігі және аудит**

15.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржы есептілігін құру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігі туралы заңнамасына және Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен, қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

15.2. Жылдық қаржы есептілігі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өзіндік капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

15.3. Қоғам жылдық қаржы есептілігін (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті оны Жалғыз акционер бекіткеннен кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей таралымы 30 (отыз) мың данадан асатын бұқаралық ақпарат құралдарына жариялайды.

15.4. Қоғамның жылдық қаржы есептілігі, оны Жалғыз акционердің қарауына енгізгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей Қоғам Директорлары кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

15.5. Қоғам жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғамның есебінен не ірі акционердің талабы бойынша, оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте, ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетімен анықтауға құқылы.

Аудит ірі акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғамның атқарушы органы Қоғамның қаржы есептілігіне аудит жүргізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

15.6. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

15.7. Қоғамның Президенті жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесіне алдағы жылға арналған қаржы-шаруашылық жоспарды талқылауға және бекітуге, ал жыл аяқталғаннан кейін оның орындалуы туралы есепті ұсынады.

## **16. Жалғыз акционерге және Қоғамның лауазымды тұлғаларына оның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

16.1. Қоғам осы тұлғалар немесе Қоғам тіркеушісі ұсынатын мәліметтер негізінде өзінің үлестес тұлғаларының (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тек ірі акционер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты) есебін жүргізеді.

16.2. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия ақпарат болып табылмайды.

16.3. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді, ол пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ұсынуға міндетті.

16.4. Қоғам ол белгілеген тәртіппен уәкілетті органға өзінің үлестес тұлғаларының тізімін ұсынуға міндетті.

Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға Жарғының жаңа редакциясы бекітілген күннен бастап 15 күн ішінде, сондай-ақ үлестестердің пайда болу ретіне қарай ол пайда болған күннен бастап 7 күн ішінде үлестес тұлғалар туралы ақпарат береді.

16.5. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестес туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

## **17. Қоғамның ақпаратты ашуы**

17.1. Қоғам Жалғыз акционердің сұрауы бойынша Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын кез-келген ақпаратты мәлім етеді.

17.2 Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын ақпарат ретінде мыналар танылады:

1) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

5) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға Қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

7) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

8) Қоғам мүлкіне тыйым салу;

9) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

10) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) Жарғыға, сондай-ақ Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат.

Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

17.3. Акционерлік қоғам және оның акционерлері өзінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялайтын басқа ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын баспасөз басылымы – «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттері.

17.4. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленуші Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

17.5. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғамның Президенті орналасқан жерде немесе оның жарғысында белгіленген өзге де жерде сақтауға тиіс.

17.6. Сақтауға мына құжаттар жатады:

1) Қоғам Жарғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Жалғыз акционердің шешімдері (хаттамалар) және олардың материалдары;

3) құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

4) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

5) қоғамның жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға алған лицензиялары;

6) Қоғамның оның балансында тұрған (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

7) Қоғамның құнды қағаздарын шығару проспектісі;

8) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

- 9) Қоғамның филалдары мен өкілеттіктері туралы ереже;
  - 10) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстардың шешімдері) және Директорлар кеңесі күн тәртібінің мәселелері бойынша бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), материалдар;
  - 11) Президент бұйрықтары (шешімдері);
  - 12) бар болған жағдайда, корпоративтік басқару кодексі.
- Басқа да құжаттар, оның ішінде қаржы есептілігі Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

## **18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату**

18.1. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

18.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

## **19. Қорытынды ережелер**

19.1. Қоғам осы Жарғымен белгіленбеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

19.2. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.